

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ
ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПОГРУЖЕНИЮ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА
В КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК**

Астана 2025

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тіліне бойлату бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2025. – 13 б.

Пікір жазғандар:

Жиенбаева С.Н., п.ғ.д., профессор;

Исабекова А. Е., меңгеруші;

Жапарова С. С., әдіскер.

Әдістемелік ұсынымдарда қазақ тіліне бойлатуды ұйымдастырудың тәсілдері, тілдік ортаны құру принциптері, сондай-ақ ойын, коммуникативтік және кешенді әдістерді қолдану бойынша ұсынымдар берілген.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлеріне, қазақ тілі педагогтері мен тәрбиешілерге арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2025 жылғы 27 мамырдағы № 6 хаттама).

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Бүгінгі өскелең ұрпақ еліміздің болашағы. Сондықтан Қазақстанның болашақ азаматтарын Отанға деген сүйіспеншілікке және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларды осы қасиеттерге тәрбиелеуде маңызды фактор - өз мемлекетінің тіліне құрмет көрсету болып табылады.

Мектепке дейінгі жас – тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін қолайлы кезең, өйткені осы жастағы балалар ақпаратты қабылдауға қабілетті болып келеді.

Мектепке дейінгі ұйым – тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін неғұрлым жайлы орта, мұнда балаларға тілді шынайы, эмоционалды жағдайда меңгеруге мүмкіндік беріледі. Балабақшадағы ересектердің сөйлеу тілі – жасанды немесе академиялық емес, ол – түсінікті, тұрмыстық, эмоционалды және жағдаяттық болып табылады. Бұл балаларға тілді қарым-қатынас пен өзара әрекет құралы ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда ерекше маңызды. Кейбір балалар үшін қазақ тілі – үйретуде ерекше тәсілді қажет ететін екінші тіл болып табылады. Тілге бойлау – тәрбиеленушілерге қазақ тілін практика, ойын, бақылау және күнделікті әрекеттерге қатысу арқылы меңгеруге мүмкіндік беретін тиімді әдіс.

Әдістемелік ұсынымдар тәрбиелеу - білім беру процесіне қазақ тілін тиімді енгізу үшін МДҰ тәрбиешілеріне, әдіскерлері мен қазақ тілі педагогтеріне арналған. Әдістемелік ұсынымдарда тілге бойлауды ұйымдастыру тәсілдері, тілдік ортаны құру қағидаттары, сондай-ақ ойын, коммуникативтік және кешенді әдістерді қолдану бойынша ұсынымдар берілген.

Педагогтің сөйлеуге белсенді қатысушы және ұйымдастырушы екеніне ерекше көңіл бөлу қажет. Тілге бойлау әдістемесін меңгерген педагог тек сөздер мен грамматиканы ғана үйретпейді – ол тілді қарым-қатынас, ойлау және өзара әрекет ету құралы ретінде қолданатындай жағдай жасайды. Осы арқылы балалар қазақ тілін «шет тілі» деп қабылдамай, күнделікті өмірде қажетті, үйреншікті тіл ретінде қабылдай бастайды.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалар арасында қазақ тілін меңгеру мәселелері бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

ТІЛГЕ БОЙЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

Мектепке дейінгі педагогика және психолінгвистика саласындағы заманауи зерттеулер қазақ тілін сәтті меңгеру тұрақты, мазмұнды және эмоционалды жайлы тілдік орта болған жағдайда мүмкін екенін көрсетті. Ерте жаста қазақ тілін меңгертудің неғұрлым тиімді тәсілдерінің бірі – тілді үйретуге баланы жүйелі түрде тартатын әдістеме - тілге бойлау болып табылады. Мақсатқа, ресурстарға, балалардың жас ерекшеліктері мен топтың құрамына сәйкес тілге бойлаудың бірнеше нысандарын бөліп көрсетеді: толық, ішінара, екі жақты және екі тілге бойлау. Әрқайсының өзіндік ерекшеліктері бар және мектепке дейінгі ұйымның нақты жағдайларына бейімдеуге болады.

Толық тілге бойлау

Толық (немесе жаппай) тілге бойлау тәрбиелеу-білім беру процесін және ойын әрекетін тек қазақ тілінде жүргізуді ұсынады. Тәрбиеші балалармен тек қазақ тілінде сөйлесуі, бала түсінбеген жағдайда да басқа тілде сөйлемейді қажет. Бастапқы кезеңде ым-ишара, мимика, әрекетті, заттарды көрсету және айту тәрізді вербалды емес құралдар кеңінен қолданылады. Бұл балалардың күйзелісті еңсеруіне, тілді интуитивті, шынайы түрде меңгеруіне жағдай жасауға мүмкіндік береді.

2–3 аптадан кейін балалар жиі қайталанатын сөз тіркестері мен бұйрықтарды түсіне бастайды: *Сәлеметсіздер ме? Қалдарыңыз қалай?, отырыңыз, тамақ ішеміз, ойнаймыз* және т.б. Тілдік құрылымдардың тұрақты қайталануы арқылы тілдік дағдыларды дамыту үшін берік негіз қалыптастырылады.

Ішінара тілге бойлау

Ішінара қазақ тіліне бойлау тек белгілі бір ұйымдастырылған іс-әрекет түрлерінде (мысалы, музыка, дене тәрбиесі, қазақ тілі және т.б.) қолданылады. Басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер балалардың оқыту тілінде (оқыту және тәрбиелеу тіліне) жүргізіледі. Бұл тәсіл қазақ тілін біртіндеп енгізуге ыңғайлы және қазақ тілін үйретуді қолдауға ықпал етеді. Ішінара тілге бойлау тәрбиеленушілерге шамадан тыс жүктеме түсірмей, оңай қазақ тілін меңгеруге мүмкіндік береді.

Екі жақты тілге бойлау

Бұл формат аралас топтарда жүзеге асырылады, яғни қазақ тілін ана тілі ретінде меңгерген және қазақ тілі екінші тіл болып табылатын балалар бірге тәрбиеленеді. Тәрбиелеу - білім беру процесі педагог тек қазақ және орыс тілдерінде сөйлейтіндей ұйымдастырылады. Бұл қағида тәрбиелеу - білім беру процесіне қатысушыларды (педагог пен тәрбиеленушілерді) тең тартуға ықпал етеді. Мәдениетпен алмасу арқылы балалардың тек тілдік қана емес, сондай-ақ, әлеуметтік-коммуникативтік дағдылары да дамиды, өзге тілдік ортаның өкілдерімен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Екі тілге бойлау

Екі тілге бойлау тең дәрежеде оқыту тілдері ретінде екі тілді (қазақ және орыс) қатар қолдануды көздейді. Балалар әрекеттерінің түрлері екі тілде

ұйымдастырылады және күні бойы белсенді қолданылады. Бұл модель өте тиімді, алайда педагогтерден жоғары біліктілікті талап етеді.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҰЙРЕТУДІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында қазақ тілін тиімді үйретуді ұйымдастыру тек тілге бойлау моделін дұрыс таңдаумен шектелмейді, сонымен қатар, ғылыми негізделген бірқатар принциптерді нақты сақтауды талап етеді. Бұл принциптер баланың сөйлеуін дамытуда жүйелілік, бірізділік және тұлғаға бағытталған тәсілді қамтамасыз етеді және қазақ тілін шынайы жолмен меңгеруіне жағдай жасайды.

Жағдаяттық

Негізгі принциптердің бірі — сөйлеуді бала үшін маңызды нақты жағдайларда ұйымдастыру. Сөйлеу тәрбиеленушінің әрекетімен, сезімдерімен, қажеттіліктерімен және қызығушылықтарымен тығыз байланысты болуы тиіс. Тілдік материал баланың өміріне қаншалықты жақын болса, оны түсіну және белсенді қолдану ықтималдығы соғұрлым жоғары болады. Мысалы, күнделікті жағдайларда: *«Кәне, жуынуға барайық», «Ойыншықты берші» «Тамақ ішеміз бе?»* сөз тіркестерін айту балаға сөзді түсінуге және қолдануға көмектеседі.

Мазмұны

Тіл түрлі балалар әрекетінің (ойын, танымдық, шығармашылық, еңбек және т.б.) мазмұнына енгізілуі керек. Мазмұн балаға сөздердің мағынасын түсінуге, есте сақтауға және оларды жеке тәжірибесімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Көрнекі құралдарды, суреттерді, ойын материалдарын және муляждарды қолдану тілді түсінуді арттырады.

Белсенділік

Тәрбиеленушілер тілді пассивті қабылдаудан гөрі белсенді әрекет барысында жақсы меңгереді. Сондықтан диалог, сюжетті-рөлдік ойындар, топтық жұмыс арқылы сөйлеу белсенділігін ынталандыру қажет. Бастапқы кезеңде бір сөзден тұратын қарапайым жауаптар болса да, тапсырмалар баланы сөйлеуге ынталандыруы тиіс. Негізгі міндет — қазақ тілін белсенді сөйлеуге енгізу.

Ойын арқылы ынталандыру

Ойын әрекеті — мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті. Қызықты сюжеттер, кейіпкерлер, ұйқас сөздер, музыка элементтері және шығармашылық тапсырмалар арқылы педагог қазақ тіліне қызығушылықты оята алады. Ойын барысында сөздер мен сөз тіркестерін қайталау, оларды түсінуге әрі есте сақтауға ықпал етеді. Мысалы: *«Сенің атың кім?» немесе «Қандай түсті ұнатасың?»* деген сұрақтар қою арқылы доппен ойын диалог құру дағдысын дамытады.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі

Педагогикалық материал балалардың жас ерекшеліктерін: зейін деңгейін, естің көлемін, еліктеу қабілетін, ойынға қызығушылығын ескере отырып ұсынылуы тиіс. Кіші жаста — қарапайым сөз тіркестері, қимылдар мен қайталау, ересек топтарда — таңдау, пікірін білдіру, командада жұмыс істеу элементтері бар тапсырмалар қолданылады.

Қолдау және мадақтау

Эмоционалдық қауіпсіздік — қазақ тілін сәтті меңгерудің кепілі. Педагогтің міндеті — баланың сөйлеудегі қателіктерін дөрекі түрде түзету емес, керісінше, сөйлеуіне қолдау көрсету, бастамасын қолдау және қабылдау атмосферасын қалыптастыру. Сәтті сөйлеу тәжірибесі — қазақ тілін әрі қарай меңгеруге жақсы ынталандыру.

Тұлғаға бағдарланған тәсіл

Әр бала тілді өз қарқынымен меңгереді. Кейбір балалар жаңа тілдік ортаға жылдам бейімделсе, басқаларға көбірек уақыт пен жеке көңіл бөлу қажет болады. Педагог тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктерін, темпераментін, сөйлеуінің даму деңгейін ескере отырып, тілді үйрету стратегияларын таңдауы қажет.

Коммуникативтілік

Негізгі мақсат — сөздерді механикалық түрде есте сақтау емес, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Тіл — өз ойы мен сезімін білдіру, өзара әрекет етудің құралы ретінде қарастырылады. Тапсырмалар: өтініш білдіру, сұрақтар қою, жауап беру, сипаттау, эмоцияларын білдіру тәрізді сөйлеуді дамытуға бағытталуы тиіс.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ТІЛДІК ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында қазақ тілін тиімді меңгеру тілдік ортаның сапасы мен мазмұнына тікелей байланысты. Тілдік орта — бұл баланың қарым-қатынас пен әрекет процесінде қазақ тілін еститін, қабылдайтын және қолданатын барлық жағдайлардың жиынтығы. Тәрбиеші қазақ тілін шынайы және ынталандыра отырып, меңгеруге бағытталған ортаны қалыптастыруда негізгі рөл атқарады.

Күн тәртібін сақтау

Балалар әрекеттің реттілікпен болатынын білгенде өздерін сенімді сезінеді. Күн сайын қайталанатын күн тәртібі қазақ тілінде сөз тіркестері мен бұйрықтарды жүйелі түрде енгізуге және бекітуге мүмкіндік береді. Мысалы: *«Қазір біз таңғы жаттығуға жиналамыз», «Таңғы ас ішеміз», «Серуенге шығамыз»*. Мұндай сөз тіркестерін режимдік сәттерде қайталау баланың есінде автоматты түрде сақталады.

Көрнекі құралдарды қолдану

Қазақ тілін меңгерудің бастапқы кезеңінде көрнекі құралдарды белсенді қолдану маңызды: карточкалар, сызбалар, пиктограммалар, постерлер. Әсіресе пайдалы: *Күнтізбе постері (күнтізбе), Табиғат бұрышы,*

эмоцияларды бейнелейтін суреттер, иллюстрациялары бар нұсқаулықтар. Олар балаларға естіген сөздерін көрнекі бейнемен байланыстыруға және жаңа сөздерді оңай есте сақтауға көмектеседі.

Сөйлеу ортасын байыту

Педагогтің сөйлеуі мазмұнды, мәнерлі, эмоционалды болуы қажет. Жай сөйлемдерді, баяу сөйлеу қарқынын, анық айтуды қолдану маңызды. Сөйлемдер мен сөз тіркестерін қимылдармен, ым-ишарамен, интонациямен сүйемелдеу керек. Мысалы: *«Жақсы! Сен бәрін дұрыс жасадың!»* — бұл әрі қолдау, әрі сөйлеу үлгісі болып табылады.

Қазақ тілін түрлі балалар әрекетіне кіріктіру

Қазақ тілінде тек арнайы ұйымдастырылған іс-әрекетте ғана емес, күні бойы (режимдік сәттерде) ойын, серуен, тамақтану, гигиеналық шаралар барысында сөйлеу қажет. Мысалы, сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінде: *«Бұл қандай түс?»*, *«Сен не салдың?»*; серуен кезінде: *«Ағашты қарашы! Жапырақ түсіп жатыр!»* деп айтып отыру керек, мұндай тәсіл қазақ тілін шынайы жағдайда қолдануға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ әрекеттің басталуымен және аяқталуымен, амандасу, қоштасу, алғыс білдірумен байланысты қайталанатын сөз тіркестерін енгізу ұсынылады. Олар күнделікті қарым-қатынастың бір бөлігіне айналып, оңай меңгеріледі. Мысалы: *«Сәлеметсіздер ме!»*, *«Сау болыңыз!»*, *«Рақмет!»*, *«Кел, бірге ойнайық!»* және басқалар.

Ойын әрекеті арқылы ынталандыру

Ойын — сөйлеуге ынталандырудың қуатты құралы. Саусақ ойындары, доппен қимылды ойындар, рөлдік және сюжеттік жағдаяттарды қолдану маңызды, бұл жағдайларда баланың сөйлеуі, сұрақ қоюы немесе түсіндіруі қажет болады. Ойын әрекеті тілдік кедергіні жояды және шынайы сөйлеуге ықпал етеді.

Эмоционалды көңіл-күй

Балалар өздерін сенімді сезінгенде және қолдау көрсетілгенде қазақ тілінде еркін сөйлеуге тырысады. Қателіктерді айта бермеу, баланың сөйлеуге деген талпынысы мен жетістіктеріне көңіл аудару маңызды: *«Сен бүгін жақсы жауап бердің!»*, *«Маған сенің сөзің ұнады!»* — мұндай сөз тіркестері балалардың тілге деген қызығушылығын арттырып, оң көзқарас қалыптастырады.

Командамен жұмыс ұйымдастыру

Бірлескен тапсырмалар диалог құруға, тілді өзара әрекет құралы ретінде қолдануға ынталандырады. *«Жұбыңды тап»*, *«Досыңмен ақылдас»*, *«Көршіңе сұрақ қой»* тәрізді тапсырмалар балалардың қазақ тілін тек ұйымдастырылған іс-әрекетінде ғана емес, қарым-қатынас құралы ретінде қолдануына ықпал етеді.

БАЛАБАҚШАДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ОЙЫН, КОММУНИКАТИВТІК ЖӘНЕ КЕШЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету балалардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес әрекет түрлеріне негізделуі тиіс. Негізгі әрекет — ойын болып табылады, ойын арқылы тіл — қарым-қатынас, эмоцияны білдіру және қоршаған әлеммен әрекет ету құралы ретінде тиімді қалыптасады. Сонымен қатар, балабақшада қазақ тілін үйрету күнделікті жағдайларға тілді енгізуге мүмкіндік беретін коммуникативтік және кешенді тәсілдер негізінде құрылуы қажет.

Ойын әдісі

Ойын — баланы тілдік ортаға тартудың негізгі тәсілі. Ойын балаларды еркіндікке, белсенділік танытуға ынталандырады және сөздер мен сөз тіркестерін қайталап айтуға жағдай жасайды.

Қолдану ұсынылады:

Сюжетті-рөлдік ойындар, мұнда бала өмірлік жағдаяттарды «бастан кешіреді»: дүкен, аурухана, шаштараз және т.б.
Мысалы; – Қандай көкөніс керек? – Маған сәбіз беріңізші.

Саусақ ойындары — ұйқас сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтуға, байланыстыруға және оларды есте сақтауға жаттықтыру тәсілі.

Мысалы:

*Саны болар оншақты,
Шашып алдым моншақты.
Шымшып, теріп аламын,
Қорабына саламын.*

Ережесі және қимылдары бар ойындар (мысалы, доппен ойын): бала сөз айтады, сұраққа жауап береді, сөз тіркесін қайталайды, затты келесі балаға береді.

– Қандай түсті ұнатасың? – Қызыл!

Салыстыру және топтастыру ойындары негізгі ұғымдар мен сипаттамалық құрылымдарды меңгеруге көмектеседі.

Мысалы: «Сипаттамасы бойынша затты табу» – *Үлкен, қызыл, дөңгелек – ол не?*

Ойындарды сөйлеу әрекетінің түрлеріне сәйкес түрлендіріп отыру маңызды: тыңдау, айту, қайталау, диалог.

Коммуникативтік әдіс

Коммуникативтік тәсіл тілді қарым-қатынас үшін үйретуді ұсынады. Бұл тілдің топтағы барлық өзара әрекет түрлерінің ажырамас бөлігі болуы қажет екенін білдіреді.

Педагог баланың сөйлеуін немесе әрекетін талап ететін нақты тілдік жағдаяттарды

ұйымдастырады:

– Кімге су керек? – Маған!

Репликалармен алмасуға ынталандыратын командалық тапсырмалар қолданылады. Мысалы: шығармашылық әрекет (бірге құрастыру, жұппен сурет салу және т.б.), ойын әрекеті (сюжетті-рөлдік ойындар), еңбек әрекеті (топтағы кезекшілік), зерттеу әрекеті және т.б.

Балаларға сөйлеуге мүмкіндік беру маңызды: досына көмектесу, өтініш айту, мақтау, шешім қабылдауға қатысу.

Педагогтің сөзі баланың қабылдау деңгейіне бағытталуы тиіс: қарапайым сөз тіркестерін қайталау, сөйлеуге талпынысын қолдауға басымдық беру керек.

Кешенді әдістер

Тілді басқа құзыреттіліктермен (физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды) кіріктіру — сөйлеуді жеке дағды ретінде бөліп қарастырмай, оны бала үшін үйреншікті әрекеттерге кіріктіруге мүмкіндік береді. Бұл тілді мағыналы әрі функционалды етеді.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және құрастыру сөйлеумен қатар жүргізіледі:

– *Сен не салдың? не жапсырдың? не мүсіндедің? не құрастырдың? – Бұл – үй.*

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті (ән айту, ырғақты қимылдар, музыкалық ойындар) интонацияны, ырғақты, дыбыстарды айтуды меңгеруге ықпал етеді.

Педагогтің иллюстрациялары бар кітап оқуы және мазмұнын талқылауы:

– *Бұл ертегіде кім болды? Ол не істеді?*

Дене тәрбиесі: таңертеңгі жаттығу, қимылды ойындар барысында қазақ тілінде бұйрық беру (Жүгіреміз! Тоқта! Оңға бұрыл! және т.б.).

Санау, геометриялық пішіндер және кеңістікте бағдарлау дағдыларын күні бойы режимдік сәттерде қазақ тілінде меңгерту (бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, он; дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш; оңға, солға, алға, артқа).

Осылайша, ойын, коммуникативтік және кіріктіру әдістерін қолдану қазақ тілін меңгерудің тұтас, белсенді процесін қамтамасыз етеді. Бұл тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, тұлғалық және әлеуметтік дағдыларының дамуына ықпал етеді.

ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

Бір тілде сөйлеу қағидасын сақтау – педагог қазақ тілінде сөйлеп тұрып, қажет болмаса басқа тілде сөйлемейтіні тиіс. Бұл белгілі бір адам мен тіл арасында тұрақты байланыстың қалыптасуына ықпал етеді.

Көрнекілікті қолдану – карточкалар, сызбалар, ым-ишара, қимылдар сөзді түсінуді және қабылдауды айтарлықтай жеңілдетеді.

Қайталау – есте сақтаудың негізі – күн сайын режимдік сәттерде сөздер мен сөз тіркестерін қайталау: амандасу, тапсырмалар, сұрақтар.

Тілді түрлі балалар әрекетіне енгізу – мектеп жасына дейінгі балалар тілді өздері үшін маңызды және нақты әрекет барысында жақсы меңгереді.

Ойын арқылы ынталандыру – ойындар, ертегі кейіпкерлері, музыка және ырғақ элементтері қазақ тілін үйретуді қызықты етеді.

Сөйлеу үшін жағдаяттар ұйымдастыру – балаларды сөйлеуге ынталандыру, сұрақтар қою, жұптық және топтық диалогтар ұйымдастыру.

Эмоционалды күйге көңіл бөлу – қолдау, күлімсіреу, баланың жауабына шынайы қызығушылық тудыру оның өзіне деген сенімділігін арттырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету – сөйлеуді дамытудың маңызды кезеңі, сонымен қатар балалардың мәдени сана-сезімін қалыптастыру, әлеуметтік бейімделу және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін қажетті қадам болып табылады. Балабақшада балаларды тілге бойлатуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану балаларға ойын, қарым-қатынас және түрлі балалар әрекеті арқылы тілді шынайы түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Толық және ішінара, екі жақты және екі тілге бойлату тәсілдерін қолдану балаларға қазақ тілінде қоршаған әлеммен белсенді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, бұл балабақшаға алғашқы келген күндерінен бастап тілдік дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Ойын әдістері, коммуникативтік стратегиялар және тілді басқа құзыреттіліктермен кіріктіру, мысалы, шығармашылық, дене тәрбиесі, танымдық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар балаға қазақ тілін күнделікті өмірде шынайы және оңай меңгеруіне көмектеседі.

Педагогтің негізгі міндеті – баланың өзін жайлы және сенімді сезінетін тілдік ортаны қалыптастыру, бұл қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға деген ынтасын арттырады. Әр баланың тұлға екенін ескере отырып, оның жас ерекшеліктері мен жеке қасиеттеріне сәйкес оқыту тәсілдері қолданылуы қажет.

Ұсынылған әдістер мен тәсілдерді жүзеге асыру педагогтерден жоғары біліктілікті, сондай-ақ шығармашылық тәсілді, үнемі өзін-өзі жетілдіруді және оқытудың түрлі нысандарымен және құралдарымен эксперимент жасауға дайын болуды талап етеді. Осы әдістерді қолдана отырып, педагогтер балаларда тілдік, сонымен қатар әлеуметтік, когнитивтік және эмоционалды құзыреттіліктерді тиімді дамыта алады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрете отырып, олардың бойында одан әрі екі тілді меңгеруі үшін берік іргетас қалануы тиіс, бұл мультимәдениетті қоғамға сәтті араласуға және бастауыш мектепте оқуға дайындыққа ықпал етеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жақыпбекова, Б.Ж. (2015). Тіл дамыту әдістемесі. Алматы: Білім.
2. Сүлейменова, Р.С. (2017). Билингвизм в детском саду: Теория и практика. Алматы: Ғылым.
3. Иманова, А.М. (2016). Интегративный подход к обучению языкам в дошкольном учреждении. Астана: Нұр-Сұлтан.
4. Мұхамбетқали, А.Ә. (2018). Методы и приемы языкового погружения в дошкольном образовании. Алматы: Арман Плюс.
5. Шалқарова, А.Р. (2019). Основы билингвального воспитания детей дошкольного возраста. Алматы: Кітап.
6. García, O. (2009). Bilingual Education in the 21st Century: A Global Perspective. Wiley-Blackwell.
7. Cummins, J. (2000). Language, Power, and Pedagogy: Bilingual Children in the Crossfire. Multilingual Matters.

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Тілге бойлау тәсілдері	4
3	Мектепке дейінгі ұйым жағдайында қазақ тілін үйретудің негізгі принциптері	5
4	Мектепке дейінгі ұйымда тілдік ортаны қалыптастыру тәсілдері	6
5	Балабақшада қазақ тілін үйретуде ойын, коммуникативтік және кешенді әдістерді қолдану бойынша ұсынымдар	8
6	Педагогтерге арналған ұсынымдар	10
7	Қорытынды	11
8	Қолданылған әдебиеттер	12